



ХҒТАР 13.09

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2026-151-1-232-245>

Ғылыми мақала

## Әулие әйелдер культінің генезисі: исламға дейінгі және ислам дәуіріндегі байланыстар

Д.Б. Бекетова<sup>\*1</sup>, Э.О. Озунел<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Хаджы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия

(E-mail: danabeketova@gmail.com, evrimolcer@gmail.com)

**Аңдатпа.** Мақала түркі халықтарындағы әулие әйелдер культін зерттеуге арналған. Әулие әйелдер культін зерттеу адамзат тарихындағы «әйел» концептісінің шығу тарихы мен оларға тән функционалдық сипатты анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – әулие әйелдер культінің генезисін түркі халықтарының даму тарихы мен мәдениеті негізінде анықтау. Зерттеу жұмысында негізге алынған мақсатты жүзеге асыру үшін әулие әйелдер культінің генезисін исламға дейінгі және ислам дәуіріндегі байланыстарға сай мәдени-тарихи, тарихи-генетикалық негізде талдау, түркі халықтарының дүниетанымынан орын алған әулие әйелдердің есімдерін жинақтау және іріктеу, шығу тегі мен халық қоғамындағы қызметін интерпретациялау міндеттері орындалды.

Ғылыми зерттеу аясында әулие әйелдер культінің генезисін зерттеу мақсатында есімдерді іріктеу, түркі халықтарына тән әулиелік культінің әйелдерге қатысты ортақтығы мен ерекшеліктерін салыстырмалы талдау, аталған үлкен екі кезеңге сай халық дүниетанымын қалыптасуы мен дамуындағы әулие әйелдер культінің ұлттық мәдениет пен дінге, діл мен рухани санаға тән мән-мағынасын түсіндіру әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық маңызы – түркі халықтарындағы әулие әйелдер культінің генезисін зерттеуде және оны нақты кезеңдер тарихына сай талдауда ұлттық тарих, мәдениет, мәдениетаралық байланыс, ең бастысы – әулиелік культіндегі әйелдің рөлін нақты сипаттауға, рухани танымды жаңғыртуға мүмкіндік беру нәтижесімен құнды. Теориялық тұжырымдарға сәйкес жұмыстың жүйеленген нәтижелері мәдениетаралық коммуникацияда, түркі халықтарының мәдениеті мен тарихы, әдебиеті бойынша арнайы курстарда қолданбалы материал болу мүмкіндігімен зерттеудің практикалық маңызын айқындайды.

**Түйін сөздер:** әулие әйелдер, генезис, культ, ислам, түркі халықтары, дін, дүниетаным.

Түсті: 03.01.2025; Мақұлданды: 25.02.2026; Онлайн қолжетімді: 30.03.2026

## Кіріспе

Ұлттың рухани танымы мен мәдениетін, қоршаған орта құбылыстары мен адамның арақатынасын тереңдей тануда, зерттеуде мәдени мұра мен сол мәдениетті қалыптастырған тұлғалар генезисін өзек етеміз. Осы бағытта адам үшін мәнді құндылықтар мен мазмұнды беретін бейнелер мен белгілерді қамтитын культтерді назарға аламыз. Себебі материалдық әлемнен тыс құбылыстар мен заңдылықтарды түсінуде аталмыш культтердің мәні зор. Зерттеу жұмысымызға негіз болған түркі халықтарындағы әулие әйелдер культі аясында ізденіс жүргізу – «өмір сүру» үдерісіндегі адам жанының құрылымын тануға мүмкіндік береді.

Көне замандардан бастап түркі халықтары танымында әулие әйелдер культі мен оларға тән негізгі энергия көзі жаңа тіршілікті ояту құдіретімен және жаратылыс құбылыстарымен өзара тығыз байланыста деп танылған. Әйелдің ғаламдағы орны мен атқаратын қызметі ғарыштық қағидаға негізделген рухани күшті қамтып, ежелгі діни жүйелерде де үстемдік еткен. Дамудың әр жаңа кезеңі әйелдер, нақтырақ айтсақ, рухани дүние сипатында нақты функционалды мәнді артқан әулие әйелдер культі пайда болып, халықтар мәдениеті мен тарихында, әдебиетінде ерекше көрініс тапты. Әулие әйелдер культінің пайда болуы мен шығу тарихы, әрбірінің айырмашылығы мен айшықты образдары халық фольклоры мен әдебиетінде дүниетанымдық бағытта сипатталады. Жалпы әйелге тән гендерлік стереотипке сәйкес, әйел – тәртіпті сақтаушы болса, түркі халықтарына тән әулие әйелдер тарих сахнасындағы мәдени қаһармандар ғана емес, рухани көзқарас пен қағидаларды, дін мен ділге тән рәсімдерді орындаудағы қасиетті кейіпкерлер ретінде қарастырылады. Түркі халықтарындағы әулие әйелдер культі, түркі фольклорлық-әдеби дәстүрлерінің қалыптасуындағы тылсым күшке табынушылық пен ислам дінінің әсерінен пайда болды деп тұжырымдау орынды [1, 182]. Яғни әулие әйелдер культінің генезисін исламға дейінгі және ислам дәуіріндегі байланыстар аясында қарастыру нәтижелі болмақ. Себебі діни факторлардың нақты архетиптері әрі идеологиялық қызметті атқаратын кейіпкерлердің алғашқылары да осы – әулие әйелдер. Ұлттық дүниетанымда қазіргі таңға дейін әулие әйелдер ерекше құдірет пен қасиеттің иесі ретінде танылып, олар мекендеген және жерленген орындар да «әулие жерлер» яки «қасиетті орындар» деп аталады.

Көне мәдениетті зерттеу жұмыстары әлемнің барлық халықтарында әулие әйелдерге табыну маңызды рөл атқаратынын айқындады. Әулие әйелдер культінің пайда болуына негіз болған әйел-құдайларға табыну әлемдік діндер тарихында да ең көнесі саналатыны әрі шығу тегі жағынан адамзаттың пайда болу тарихымен байланысты екені анық. Әулие әйелдер культінің қызметі мен мазмұнын, шығу тегін тану – даму тарихымыздағы діни санада қалыптасқан ерекшеліктер мен исламға дейінгі және ислам дәуіріндегі түркі халықтарындағы әулиелік культі жөнінде және әйелдердің әулиелік сипатының негізін түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ халықтардың мәдени дүниетанымындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар, әулие әйелдердің пайда болуы мен қоғамдағы қызметінің мән-мазмұны, олардың белгілі бір қоғамның діни және рухани көзқарастары мен қағидаларының қалыптасуы мен өзгеруіне әсері танылады.

## Зерттеу әдістері мен материалдары

Исламға дейінгі және ислам дінінің халық арасына енуінің алғашқы кезеңінде әулие әйелдердің сипаты тылсым күшпен, ерекше сыртқы кейпімен, көбінесе мифке жақын ғажайып мүмкіндіктермен танылған әрі оларға адамдар табынған, көмек сұраған, тіршіліктегі қиындықтар мен ауру-сырқау т.б. өзге де кесәпаттардан сақтайды деп нық сенген болса, қазіргі ХХІ ғасырда әулие әйелдер культі тәңіршілдік кезеңіндегідей емес, олар да сыртқы кейпі қалыпты адамдар және негізінен рухани танымы биік, діни санасы терең әрі белгілі бір артықшылықтар мен мүмкіндіктерге ие, қасиеттілер сипатында қарастырылады. Ал осы әулие әйелдер культінің бастауы мен дамуы, бүгінге дейінгі қалыптасу және өзгеру тарихы, ең бастысы – генезисі мәдениет пен тарих, әдебиет пен философия салаларындағы зерттеулерде өзекті мәселеге айналып отыр.

Зерттеу жұмысының мақсаты – әулие әйелдер культінің генезисін түркі халықтарының даму тарихы мен мәдениеті негізінде анықтау. Зерттеудің аталған негізгі мақсатын жүзеге асыру барысында әулие әйелдер культінің генезисін анықтау және жүйелі жіктеу үшін исламға дейінгі және ислам дәуіріндегі байланыстар назарға алынып, соның негізінде талдау жұмыстары жүргізілді.

Түркі халықтарының дүниетанымындағы әулие әйелдер культінің генезисін тану арқылы адамзат тарихында орын алған маңызды мәдени, рухани сана дамуының сипатын зерттеуге мүмкіндік аламыз. Себебі «түркі әлемі адамзат тарихында шешуші рөл атқарып, әлемдік тарих пен саясаттың даму барысы мен векторын тарихи қозғалыстармен бірнеше рет өзгертті... түркілер әлемдік мәдениетке зор үлес қосты» [2, 14].

Біздің дәуірімізге дейінгі V-IV мыңжылдықтарда, яғни ислам діні келгенге дейін барлық түркі халықтары танымында құдай – Көк тәңірі сипатында болғаны белгілі. Түркі халықтары Көк тәңірінің бейнесі алуан, шексіз және көзге көрінетін Күн, Ай, Жер секілді үйлесімді жаратылыстарды қамтиды деп сенді.

Ислам дәуірінде де өз құндылығын жоймаған «әулиелер» культі осы ислам дәуіріне дейінгі кезеңде, яғни тәңіршілдік пен адамзат өзге де құдайларға немесе белгілі бір табиғат құбылыстары мен жаратылыстарына табынатын кезеңде пайда болды.

Түркі халықтарындағы әулие әйелдер культінің қалыптасып, дамыған басты екінші кезеңі – ислам дәуірі. Зерттеу жұмысында әулие әйелдер культінің генезисі түркі халықтарының дүниетанымы аясында қарастырылғандықтан, екінші кезең ретінде түркі халықтарының ислам дінін алғаш қабылдаған кезеңінен, яғни 737 жылдан басталған ислам діні дәуірі баса назарға алынды. Аталған кезеңдердегі әулие әйелдер культінің өзара байланыстарын зерттеу барысында әуелде ерекше тылсым күштер мен құбылыстарға сену, соған сай әдет-ғұрыптар, салт-жоралар орындауға негізделген культ сипаты кейіннен әулие әйелдердің ислам дәуіріндегі қызметтері және дінмен байланысты көріністері басымдық алғанын байқаймыз. Сондықтан әулие әйелдер культі генезисін аталмыш екі үлкен кезеңде зерттеген ұтымды болмақ.

Әулие әйелдер мен киелі жерлер культі тек түркі мәдениетінде ғана емес, барлық әлем тарихындағы халықтарда маңызды зерттеу мәселесі мен нысаны болып келе жатқаны да осыдан. Түркі халықтарымен қатар әлем халықтары мәдениетіндегі «әулиелік» яки «қасиеттілік» культіне қатысты зерттеу жұмыстарының көпшілігі осыған дәлел бола

алады. Мәселен қазіргі зерттеулерде түркі халықтары мен жалпы адамзат тарихындағы қасиетті жерлер [3], түркі халықтарының мәдениеті [4], генезисі [5], халық санасындағы құдай туралы түсінік [6] пен рухани құндылықтар, әсіресе халық аңыздары мен мифологиясы [7] туралы тақырыптар өзекті бола түсті.

Түркі халықтарына тән мәдени құндылықтар мен мұраны сақтауда, бүгінге дейін жеткізуде фольклорлық және ауызша дәстүрлер маңызды рөл атқарады [8, 8]. Сондықтан әулие әйелдер культінің алғашқы элементтерін халық аңыздары мен мифологиясынан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қайталанбас мәдени ерекшеліктерінен байқауға болады.

Мақалада түркі халықтарындағы әулие әйелдер культінің генезисін анықтау барысында исламға дейінгі және ислам дәуіріндегі есімдерді жинақтау және тарихи кезеңге сай жіктеу, әулие әйелдердің өмір сүрген қоғамындағы атқарған қызметін, халық дүниетанымындағы рөлін зерттеу негізінде мәдени-тарихи, тарихи-генетикалық әдістер, әулие әйелдердің түркі халықтарына ортақтық сипатын және әр ұлт танымындағы ерекшелігін анықтау мақсатында салыстырмалы талдау, түсіндіру әдістері қолданылды.

Зерттеу материалы ретінде қазақ, қырғыз, тәжік, өзбек секілді түркі халықтарына тән әулие әйелдер культі мен атаулардың шығу тарихы, олардың халықтар дүниетанымындағы маңызы мен мазмұны, қызметі, ұлттардың этномәдени айшықтарына, діні мен діліне тән аталған әулие әйелдер культінің интерпретацияланған мәліметтері алынды. Екі кезеңге сай әулие әйелдер есімдері жүйеленіп, ислам діні дәуіріне дейінгі және ислам дәуіріне тән әулие әйелдер культі іріктеліп, олардың генезисі тарихи, мәдени және әдеби мәліметтер негізінде, аталмыш тақырып аясында зерттеу жүргізген ғалымдар еңбектеріне, яғни нақты деректерге сай талданды. Жинақталған материалдарға сай әулие әйелдер культінің генезисі мәдени, функционалдық, дүниетанымдық, ұлттық культ және ислам діні сипатына сай халық санасында бекіген өмір мен оның құбылыстары жөніндегі ой детальдары мен сенім элементтерінің мәнін интерпретациялау әдісі жүзеге асты.

Әулие әйелдер культінің пайда болу заңдылықтары мен тарихи даму үдерісінде халық танымына сіңу, белгілі бір мақсатты, нақты қызметтерді атқару ерекшеліктері, оларға тән сыртқы сипат ерекшеліктері мен ішкі рухани жетістіктері, жалпы түркі халықтарындағы әулиелік культінің мәні мен оның әйелдерге тән айшықтары тұжырымдалды.

## Нәтижелер мен талқылаулар

Әулие әйелдер культінің генезисін түркі халықтарының дүниетанымы негізінде тұтас және ерекшеліктері аясында даралап қарастырудың мәдениетаралық коммуникация мен сол ұлттарға тән рухани құндылықтарды анықтауда мәні зор. Себебі түркі халықтарына тән тарих мен мәдениетте, ғұрыптық және салт-дәстүрлік әдет-ғұрыптарының негізгі белгілерінде ортақ элементтер көп, әсіресе жерлеу және еске алу, үйлену тойына қатысты, сондай-ақ киелі жерлерді құрметтеу тәжірибесі мен тәж ету рәсімдерінде этномәдени бірізділіктер жиі ұшырасады [9, 3].

Түркі халықтарының дүниетанымында исламға дейінгі кезеңде қалыптасқан архетиптік әйел бейнелерінің ішіндегі ең негізгісі – *Тәңір ана*. Оның басты қызметі – жасампаздық. Яғни ғаламды және тіршілікті жарату функциясын атқарады. Бұл түркі халықтарындағы *Ұмай ананың* сипатын да анықтайды. Ұмай ана көне түрлі мифологиясында ұрпақ жалғастығын жебейтін періште ретінде де танылған. Сондай-

ақ көне түркілік дүниетанымда Ұмай анамен қатар «бес ене» ұғымы болған. *Ұмай ана, Май ана, От ене, Ұмайық, Бай әжені* «бес ене» деп қабылдаған [10, 72]. Исламға дейінгі кезеңде Ұмай ана Тәңір анадан ерекшеленеді. Себебі Ұмай ана Хауа ана секілді Тәңірден жаратылған деп те саналған. Орхон-Енисей жазбаларында Ұмайды тіршілік негізі деп танып, әрі сол кездегі наным-сенімдерде орын алған құдайлар қатарына жатқызады. Ол сәбилер мен қоғамдық істерге көмектеседі деп сеніп, сол кезең халықтары тарапынан табыну символына айналғаны белгілі.

Бұл түркі халықтарында тәңіршілдік үстемдік алған кезең болғандықтан әулиелердің сипаты да соған сай түрлі көріністерді қамтыды. Мұнда діннің қалыптасуының бастамасы жүргендіктен нақты толыққан діни мораль жүйесі қалыптаспаған еді. Сондай-ақ тәңіршілдік сенімінде күнә, әділдік, мейірімділік, қасиеттілік т.б. туралы таным әлі орнықтап қалмаған болатын. Сондықтан бұл кезеңдегі әулие әйелдерге табыну сипаты көбінесе күнделікті тіршіліктегі тыныштық пен молшылықты тілеумен шектеліп те отырды. Себебі көшпелі халық ақыретке емес, жердегі тіршілікке бағдарланған еді. Түркі халықтары исламға дейінгі кезеңде «өлім» түсінігіне сабырмен қарайтын. Олардың жалғыз қорқынышы – Көк аспанның еркіне мойынсұнбау. Халық танымында мұндай қылмыс үшін тәңірі жеке адамды ғана емес, толық бір руды, халықтарды аяусыз жазаға тартады деп сенген. Сондықтан өздері тәңірі деп таныған әйел құдайларға яки әулиелерге құрбандыққа мал шалып, кешірім аламыз деп сенген.

Әулие әйелдер культінің исламға дейінгі кезеңде пайда болу және даму тарихында Тәңір ана мен Ұмай ана образдарының мәні зор. Сондықтан әулие әйелдер культінің генезисін аталмыш әйел жаратушылар немесе әулиелердің шығу тарихынан бастағанымыз жөн деп тұжырымдадық.

Түркі халықтарының аңыздарында, мифологиясында жиі ұшырасатын Ұмай жердегі әйел образы мен жаратушылық сипатқа ие кейіпкер. Ол Тәңірдің жары саналып, аса қасиетті әрі әулие кейпінде жауынгерлерді қорғайды деп танылған. Қазақ ұлтының дүниетанымында Ұмайға балалардың қорғаушысы деп сеніп, оған табынса, ауырған бала сауығады деп тұжырымдаған. Қырғыз халқы Ұмай малды көбейтіп, мол өніп береді деп табынған. Кейінірек ислам дәуірі келгенде оны Мұхамед пайғамбардың қызы Фатимамен сәйкестендіре бастады. Түркі халықтарының мәдениетінде әулиелік культі Тәңір ана мен Ұмай анаға тән қасиеттерді қамтыған, адамзат пен қоғамға рухани күш беріп, өмір сүру салтындағы алуан қақтығыстар мен қиындықтарды шешуге көмектесетін, халық сөзсіз сеніп, қазірге дейін қасиет тұтып, жерленген орындарына барып тәж ететін әулие әйелдердің есімдерімен, шығу тегімен, қызметімен анықталады.

Исламға дейінгі кезеңде түркі халықтары мен моңғол халықтарында әулиелік сипатын артқан, қамқоршы ретінде қалыптасқан культті бейне – *Алан-гуа*. Халық оны Добу мергеннің әйелі болған және одан Тәңірдің ұлы туылған деп есептеген. Бұл қасиетті кейіпкер әсіресе Шыңғыс хан дәуірінде маңызды рөл атқарған. Тәңір ана мен Ұмай ана секілді Алан-гуа да адамдарға өмір сыйлайды деп танылған және ұлы жетістіктерге жету жолында оның ұрпақтарының жоғары билігі сөзсіз деп есептелген.

«Орал батыр» эпосында адамзат тегін сақтаушы әулие ретінде – *Жанбике* есімі аталады. Бұл жырдың мазмұны Орхон-Енисей ескерткіштерінің мазмұнымен сәйкес келеді. Жанбике культі сол кезеңдегі әйелді құрметтеу, ананы қадірлеу, жанашырлық пен моральдық мотивтерін артады.

Қырғыз халықтарында Бұғы тайпаларының әулие қамқоршысы – Мүйізді ене. Оның шығу тегін мифологияда түрлі оқиғалармен сипаттайды. Ол жабайы табиғат пен жануарлар қамқоршысы – қайынның қызы деп есептеледі және Ыстықкөл көлінің қамқоршысы саналады. Мүйізді ене адам аңшылардың біріне үйленіп, өмір сүреді, бірақ шашын жуып жатқанын көруге тыйым салғанына қарамастан уәденің бұзылғанынан ол қайтыс болады деген аңыз да ұшырасады.

Түркі халықтары, оның ішінде өзбек халқы аңыздарында әулие әйел культі – *Амбар анамен* байланысты бейнеленді. Амбар ана Хәкім ата, яғни Сүлеймен Бақырғанидің жары деп баяндалады. Халық аңыздарында Амбар ананың суретті бейнесі сол кезеңдегі қоғамда есімі кең тараған әулие әйелдердің қамқоршысы образында берілген. Дегенмен Амбар ананың шығу тегі мен әулиелік сипаты жөнінде аңыздардың әртүрлілігінен нақты деректері тарих сахнасында көшіп кете барған. Дегенмен Амбар ананың әулие әйел культіндегі функционалдық қызметі әйел адамдарға дүниеге бала әкелуде қорған болу және оларға жеңілдік беру деп түсіндіріледі. «Босану... Амбар ананың қатысынсыз өтуі және оны елестету мүмкін емес» болған [11, 240].

Әулие әйелдер культі генезисінің бастапқы мотивтері аталған исламға дейінгі кезең еншісінде. Сондықтан түркі халықтарының мифологиясы мен әдебиетінде әулие әйелдер культі ұлттық мінез-құлық пен қасиеттерді сипаттайды. Жалпы әулие әйелдерге тән әлеуметтік әрі дүниетанымдық ерекшеліктерінің бастысы – өмір сыйлаушы, туған жерін қорғаушы және еркін, бақытты өмірді армандаушылар ретінде суреттелуі. Сондықтан исламға дейінгі кезеңде әйел образына тылсым күштер мен қасиеттерді теліп, олардың шығу тегін қарапайым адамдардан ерекшелей, аспан әлемімен, тәңіршілдік кезіндегі наным-сенімдермен, қоршаған ортамен т.б. байланыста қарастырып, адамдарға тән емес, ғажайып әлемінде дүниеге келуімен, белгілі бір сыртқы көрінісіндегі айшықтарымен, адамзат өміріндегі қызметінің ерекшелігімен түсіндірді. Соған сай ислам дәуіріндегі әулие әйелдер культін қарастыруда түркі халықтарының оған дейінгі кезеңінің тарихына және мифологиясына назар аударған жөн деп таптық.

Көптеген түркі халықтарында *Момо* образы өмір күшін беретін, табиғатпен және баланың дүниеге келуімен байланыста танылған культ. Исламға дейін Момо әулиелік культі қасиетті Тәңір ананың сипатына жақын, жаратылыстың басы саналатын ана, әйел образында көрініс тауып, әйел адамның өмірінің соңғы кезеңін сипаттайтын үлгісі ретінде суреттелді. Өзбек халықтарында Мото Хауа ана атымен қатар аталады. Ислам дәуірі келгенде түркі халықтарындағы әйел құдайы және өмір жаратушысы саналған Момо культі өзгеріске ұшырады. Қазақ, өзбек, тәжік халықтарында Момо культі әулие әйелдер есімімен қатар аталған және ол әйелдер қоғамда қасиетті қорғаныш пен әулиелік қызметін атқарғаны аян.

*Момо* культі салыстырмалы сипатта өзбек халықтарының әдебиеті мен тарихында жиірек кездеседі. Мұнда әулие әйел культінің мәні *момоға* тән қасиеттермен ерекшеленеді. Момо культі «әйел – басқарушы рух» деген танымнан пайда болған. Аталған сенім негізінде халықтың мифологиялық көзқарасында *момо* бейнесі пайда болды. Халық ішіндегі пікірге сәйкес, *момо* рухы үнемі әйелдерге, әйелдердің қызметі мен олар айналысатын кәсіптерде қолдау көрсетеді. *Момо* культі туралы басты көзқарастар исламға дейінгі кезеңде қалыптасқан діни-мифологиялық тұжырымдамаларға сілтеме жасайды. Нақтырақ айтсақ, ол өз бастауын рухтарға сену мен табыну кезеңіндегі анимистік таным дәуірінен алады [12, 1683]. Тіпті *момоны* нақты кейіпкер немесе образ

емес, қасиетті рух ретінде қабылдап, сол қасиетті рух дарыған әйелдерді де аталмыш атаумен атағаны белгілі болды.

Аталған халықтарға тән мәдени алмасулар мен аңыздар, әулие әйелдер культінің ұқсастығы мен ортақтығы, әр халықтың рухани құндылықтары мен дүние туралы көзқарастарына сай түсіндірілуіндегі айырмашылықтары мәдениетаралық коммуникацияның дамуына түрткі болды. Исламға дейінгі кезеңде адамдардың әрекеттері табиғаттың әр жаратылысының иесі деп таныған құдайлар мен адамдарға көмек көрсеткен, қорған болған әулиелер, оның ішінде әулие әйелдерге табынумен тікелей байланысты болды. Әулие әйелдер культі генезисінің исламға дейінгі дәуірдегі мәні құдайдың және мифологиялық бейнелердің түрлі образдарының пайда болуы және дамуы сипатымен анықталды. Әулие әйелдердің рухани семантикасы түркі халықтарының рухани мәдениетін дамытуда зор рөл атқарғанын ескеру маңызды. Себебі біз атап өткен исламға дейінгі құдайлық сипаттағы әйелдер мен әулие әйелдердің генезисі ислам дәуірінде синкреттеліп, қасиеттілер мен әулиелердің, тарих сахнасындағы жаңа әулие әйелдер бейнелерінің пайда болуына белсенді ықпал етті.

Ислам дәуірінде әулие әйелдер культінің басым сипаты ислам дінімен байланысты көрініс тапты. Әулие әйелдер культінің генезисі мен олардың қоғамдағы орны мен қызметі, ерекшеліктері де халықтың діні мен ділінің, ұлттық дүниетанымының шеңберінде қарастырыла бастады. Исламға дейінгі қасиетті немесе әулие саналған әйелдер культі тылсым күш пен адам мүмкіндігінен тыс ғажайыптарды тудыру, тіпті тәңірі сипатынан тарихта нақты ізі қалған, ислам дінінің негізінде адамдық қағидалары мен өмір мәнін түсіндіру, халқына жақсылық пен қорған болатын білімді әрі сопы әулие әйелдердің культіне ене бастады. Яғни исламға дейінгі кезеңнен бастау алған әулие әйелдер культі ислам діні кезеңі басталғанда көпқұдайлылық пен түрлі табиғат құбылыстарына сену, табыну секілді ерекшеліктерден құдай – біреу, ал әулиелер сол дін жолындағы қасиетті, ерекше адами құндылықтар мен мүмкіндіктерге ие тұлғалар сипатында түркі халықтары көзқарастарын жаңа бағытқа бұра бастады.

Ислам дәуіріне дейінгі кезеңде аталған «әулие әйелдердің», сондай-ақ сол кезеңге тән рухтардың, анимистік рәсімдердің барлығы, яғни олардың мұсылмандыққа дейінгі нанымдары осы дінмен тығыз байланысты. «Киелі» рухтарға сену, табыну, әулиелерге сену, түркі халықтарында «халықтық» исламның бір бөлігі саналады. Исламның түркі халықтарының, оның ішінде қазақтың жеріне келуі ұлт көзқарасын түбегейлі өзгертпесе де, бақсылық (шамандық), анимизм және ата-баба культінің қалдықтарын діни негізге бұру элементтерімен ерекшелене түсті. Яғни, бұл тұста «әулиелік» культі де ислам дінімен тығыз байланыста болды.

Түркі халықтарына ислам діні келгеннен кейін әулие әйелдер культі көбінесе сопы әйелдер сипатында таныла бастады [13, 164]. Ислам дінімен қатар келген сопылық дәстүрдің негізгі мақсаты – ізгі әрі өнегелі тұлғаларды тәрбиелеу. Мұнда қоғамның салмақты екінші жартысы – әйелдердің әулиелік культі ислам діні негізінде анықталады. Әйел сопылар туралы алғаш еңбек жазған Әбу Абдуррахман Сүлеми сексен төрт сопы әйел туралы айтып, отыздан астамының өмірбаянын және мистикалық көзқарастарын баяндаған [14, 130].

Ислам дәуірі кезеңінде әулие әйелдер культінің ұшар биігінде тұрған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың анасы – *Әмина анамыз* (р.а.). Ол туғанынан бастап құрайш қыздарының ішіндегі ең сұлуы әрі ең тәрбиелісі болған. Ол өзінің мінезінің көркемдігімен барлық

әйелдерден асып түсті. Әмина анамыздың әулиелігі өзі өмір сүрген кездегі барлық іс-әрекеттері мен нақты шешімдерінен, ұлылығынан байқалады. Әрине, ислам дәуіріндегі әулие әйелдердің ең асылы ретінде ислам дінін ең алғаш қабылдаған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың және Хадиша анамыздың қызы – *Фатиманы* да (с.ғ.с.) назарға алу маңызды. Себебі Фатима анамыз (с.ғ.с.) әулиелік культінің генезисіндегі тақуалық көшбасшысы саналады.

Ислам дәуіріндегі әулие әйелдер культі әуелде мұсылман халықтарына ортақ есімдер негізінде анықталып, ислам дініне тікелей қатыстылығымен айшықталды. Мысалы, ислам дәуірінде өзінің сопылық сипатымен және әулиелік ерекшелігімен күллі мұсылман халықтарының танымында әулие әйел ретінде танылып, оларға ислам діні тұрғысында қамқорлық көрсетіп, өзінің әділдігімен бейнеленген *Рәбия* (қазақша *Рабиға*) әулие өз өмірін аскеттікке арнауымен тарихта сақталған. Рабиға әулиенің әулиелік культінің генезисі оның дүниеге келерінде әкесінің түсіне Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар кіріп, қызының Раббының сүйікті құлы болып, барша мұсылман үшін үлгі болатынын ескертуінен басталады. Рабиға «әулие әйелдердің ханшайымы» атанған және ислам тарихындағы ықпалды әйелге айналған [15].

Әрине, ислам дәуіріндегі әулие әйелдер культін зерттегенде аталмыш есімдермен ғана шектелмейміз. Дегенмен түркі халықтарындағы әулие әйелдер культінің генезисін зерттеу үшін жалпы ислам дәуіріне тән алғашқы әулие әйелдердің сипатын шолып өту маңызды деп танымыз. Себебі қазақ, жалпы түркі халықтары даласындағы әулие әйелдер культінің генезисі осыдан бастау алады және түпкі ерекшеліктері ислам діні негізінде қызмет етуімен байланыста қарастырылады.

Ислам дәуірінде әйел әулиелердің қоғамдағы рөлі ерекше өсіп, шаһарларда олардың тұрақтары, яғни рибаттары пайда болған. Ол тұрақтар ислам дінін оқытатын парсылық үлгідегі орындар саналған. Мұндай тұрақтардың пайда болуы кейіннен әулие әйелдердің дүние салған орындарында кесенелерді тұрғызу және оларды қасиетті мекен санап, тәж ету дәстүрінің қалыптасуына түрткі болды.

Ислам дәуіріндегі қазақ даласына және түркі халықтарында айрықша даналығымен әрі әулиелігімен есімі танылған әйел-аналар аз емес. Мәселен *Шәмбұл ана, Алдай ана, Әмина ана, Мат Опа ана, Ұлсай емер, Бекіранас ана, Қал Нешім Қаһарлы Әз Мама, Әз Мүсия ана, Әз Кебеже ана, Ду ана, Ай ана, Үр Тұрмақ Әулие ана, Айша бибі, Бабаджа хатун, Әз Сұлушаш ана, Нұрила (Домалақ ана), Бибі Фатима, Гаухар ана, Қарашаш ана, Рәбия бегім* секілді есімдері түркі даласындағы әулие әйелдер культінің пайда болуы мен қалыптасуына, дамуына тікелей ықпал етті. Түркі халықтарына тән әулие әйелдер есімдері мұнымен шектелмейтіні, әлі толық зерттелмеген, ізденісті талап ететін материалдардың көптігі зерттеу жұмысымыздың теориялық және практикалық мәнін айшықтай түсті. Аталған әулие аналарымыздың есімдері мен оларға тән жерлеу орындарының мазмұны, бүгінгі таңда әлі де қасиетті орындар саналып, ерекше көңіл бөлініп келе жатқандығы осы мәселеге тереңірек үңілуді талап етіп, біз «әулие» деп атап жүрген әйел тұлғаларының әулиелік культінің генезисін исламға дейінгі және ислам дәуірі байланыстарында зерттеу өзектілігін арттырып отыр. Сондықтан әулие әйелдер культінің генезисін аталған есімдер негізінде және сол уақыт пен кеңістік аясындағы түркі халықтарының дүниетанымы мен көзқарастары, діні мен ділі тұрғысынан талдау маңызды.

Біз атап өткен әулие әйелдер есімдері мен культінің генезисі аңыздар мен тарих беттерінде көрініс тапқан. Мысалы, әулие саналған *Шәмбұл ана* Нұқ пайғамбардың

адал жары болған. Алдай ана Кер Сақ Аб «Сансыз бабаның» анасы, *Әмина ана* Ар Сақ Аб «Мұңсыз бабаның» анасы, *Мат Опа ана* ұлы Алаш қаһанның анасы, *Ұлсай емер* «*Пір Әз Сақ*» ұлы Алаш қаһанның жары, *Бекіранас ана* ұлы Қазақ қаһанның екінші жары, *Қал Нешім Қаһарлы Әз Мама* Керейдің ұлы аналарының бірі, оны өз кезеңінде аналардың киелі «Ақ төсті кимешек, Ноқталы Бәтуа басы» деп те атаған, *Әз Мүсия ана*, *Әз Кебеже Ана*, *Әз Келүн (Ду Ана) Ана* – Қыпшақ бабаның осы үш әйелі, *Әз Сүйкім Ай ана* Сүмбіле әулиенің жары, *Әз Бибі Шүкір Үзданай Нәзила ана* – Қара Бура әулиенің анасы деп танылған [16].

*Айша бибі* – хакім, XI ғасырда өмір сүрген ғалым әрі ақын Сүлеймен Бақырғанидің қызы. Әкесінің қазасынан кейін Айқожа шейхтің қолында тәрбиеленеді. Айша бибі Қарахан Мұхаммедке деген махаббаты жолында қаза тапқаннан кейін Қарахан соқтырған ғажайып кесенесі қазіргі таңға дейін сақталып, тек тарихи мұра емес, рухани мұра есебінде әрі әулие әйел рухына тағзым ету орны ретінде маңызды рөл атқарып келеді. Айша бибі образы мен оның аталмыш кесенесінде халық санасындағы ұлттық мінез-құлық пен құнды рухани тарих көзі сақталған.

Айша бибінің кесенесінің жанында жерленген тағы бір әулие әйел – оның құрбысы әрі күтушісі Бабаджа-хатун. *Бабаджа-хатун* өзінің даналығымен және адалдығымен халық танымында қасиетті образ сипатында сақталған. Сондықтан Айша бибі мен Бабаджа-хатун кесенелеріне ұрпақ аңсаған, бақыт күткен әйелдер келіп ниет етіп, оларды әулие деп таниды. Ислам дәуірі кезеңіне тән әулие әйелдер бейнесі тылсым күштер мен қасиеттерге ие болмағанымен, ұлттық таным мен дүниетанымдық көзқарастарына сай адалдық пен тазалық, даналық, жанашырлық пен рухани ұстанымдарды берік сақтауымен халық санасында қасиетті саналып, ғасырдан ғасырға есімдері жетіп отырды.

*Домалақ ана* – Нүрила Әли Сыланқызының халық ішінде тараған есімі. Бәйдібек атаның жары болған Домалақ ананың әулие атануына оның ел арасындағы ерекше даналығы мен ақылдылығы, мейірім мен қасиетті ана символына айналуы себеп болды. Ал оның «Домалақ ана» атануы парсының «Дихнат ана», яғни «Қасиетті ана» атауынан туындаған деген тұжырым нәтижелі деп танимыз. Халық арасында оның тапқырлығы мен әулиелігі жөнінде аңыз-әңгімелер көп. Десе де Домалақ ана – адамдар арасындағы дау-дамайды әділ шешуі, татуластыру секілді қасиетімен жиі еске алынады. Сондай-ақ, Домалақ ана Жетісу, Ташкент, Шымкент, Әулиеата жеріндегі халықтардың арғы анасы саналады.

Қожа Ахмет Ясауидің қызы – *Гауһар ана*. Гауһар ананың «әулие» атануына негіз болған оның жан мен тән тазалығын ұстанған емшілік қасиеті. Ол өзінің сұлулығымен ғана емес, ақылымен де көпшіліктен айрықша тұрған. Ол өз өмірінде талай адамды емдегендіктен «әулие ана» атанып кеткен. Сондай-ақ қазіргі халық дүниетанымында әулие ана жерленген жердегі құдықтардың барлығы қасиетті саналып, суынан ішкен адам ауруынан емделеді деген сенім қалыптасқан [17].

Түркі халықтары өзінің көшпелі тарихында әлем мәдениеті кеңістігінде маңызды рөл атқарды, дегенмен түркілер тарихына, мәдениеті мен рухани құндылықтарының генезисіне қатысты әлі де зерттеуді талап ететін, шешімін таппаған аталмыш мәселелер көп [18, 103].

Ислам дәуіріне дейінгі және ислам дәуіріндегі әулие әйелдер образы мен әулиелік культі тек әдеби-фольклорлық, тарихи-мәдени кейіпкерлер ретінде ғана емес, түркі халықтарының әлемдік санасы мен дүниетанымың қалыптасу үдерісіне негіз

болған рухани бастаушылар сипатында да аса маңызды қызмет атқарды. Қай кезеңге тән болмасын әулие әйелдер культінің негізі ізгілік пен тіршілік нәрін, қоғамдық руханиятты, мәдени және этникалық психологияның бекіп, дамуына әсер етті. Кейіннен халық әдебиетінде әулие әйелдер образына ұқсас қасиетті аналар мен әйел кейіпкерлер көптеп орын алып, ұлт мәдениетіндегі рөлімен қатар қоғамдағы орны мен сипаты ғасырлар дамуы шеңберінде жетіліп, өзгеріп отырды. Десек те бүгінгі таңға дейін түркі халықтарының ұлттық дүниетанымында әулие әйелдер культінің элементтері мықтап сақталып, рухани құндылықтарды сақтауда әлі де белсенді қызмет атқаруда. Ол мейлі тарих сахнасындағы аталмыш әулие әйелдер есімдерімен қатыста болсын, мейлі әдеби-мәдени әйел кейіпкерлер мен қаһармандар болсын, түрлі дін мен ділдік, мәдени және танымдық даму, өзгеру ырғағында әртүрлі сипатта халық санасында сақталғанымен, ұлттың қалыптасуы мен ұлттық сананың бекуінде ортақ мүддені артып келеді.

### **Қорытынды**

Түркі халықтарындағы әулие әйелдер культі және оның генезисі тұтас ұлттар мен мәдениеттерге тән рухани құндылықтар жүйесін, ұлттың дүниетанымы мен мінезін, әлемді танудағы нақты қағидалары мен көзқарастарын, алғаш адамзат пайда болғаннан бастап қазірге дейінгі дін мен діл арақатынасындағы тарихи өзгерістер мен адамзаттық сенім элементтерін құрайды. Ал әулие әйелдер культінің генезисін исламға дейінгі және ислам дәуіріндегі байланыстар негізінде зерттеу олардың пайда болу мотивтері мен адамзат тарихында қалыптасу және даму кезеңдерін, халықтың діни көзқарастары мен танымының қалыптасуына әсерін, жалпы олардың түркі халықтары мәдениеті мен руханиятында көрініс табу негіздерін жүйелі жіктеуге, салыстыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысымызда әулие әйелдер культінің – исламға дейінгі және ислам дәуіріндегі пайда болу, қалыптасу, даму тарихын байланыста қарастырып, екі кезеңге тән образдар мен тұлғалар есімдерін және олардың адамдар арасындағы, табиғаттағы және өмірдегі басты функционалдық сипаты мен халық санасына сіңген рухани аспектілерін есімдер мысалдар негізінде тұжырымдадық.

Исламға дейінгі әулие әйелдер культінің негізгі мазмұнында тәңіршілдік пен көпқұдайлылық яки тылсым күштерге табыну, әйел-құдай кейіпкерлері мен образдарының, түркі халықтары мифологиясында сақталған әулие әйелдер, негізінен құдайлар көріністері жиі ұшырасатынын түсініп, әулие әйелдер культінің генезисінің алғашқы көзі сол кезең кейіпкерлеріне тән екені тұжырымдалып, есімдер мен олардың қызметі, олар туралы сол кездегі және қазіргі түркі халықтарының санасында қалыптасқан наным-сенімдер мен көзқарастар тарихи-генетикалық әдіс негізінде түсіндірілді.

Ислам дәуіріндегі әулие әйелдер культінің генезисі ислам дінінің пайда болуы мен қалыптасуы кезеңіндегі жалпы мұсылмандық көзқараста, сондай-ақ түркі халықтарының ислам дінін қабылдауы кезеңінде қалыптасқан әулиелік сипаты мен мазмұны, қазақ ұлтымен қатар тәжік, өзбек, қырғыз халықтарының мәдени дәстүріндегі рөлі, өзара ұқсастықтар мен айырмашылықтар мәселесі, халықтар психологиясы мен ұлттық характеріндегі айшықтарды мәдени-тарихи, салыстырмалы талдау, түсіндіру нәтижесінде жүйеледік.

Зерттеу жұмысында негізге алынған екі кезеңге тән әулие әйелдер есімдері іріктеліп, олардың шығу тегі және түркі халықтарының интерпретациясындағы образдары, атқарған рухани және мәдени қызметтері жеке қарастырылып, әр әулие әйел есімімен қатар соған қатысты культ сипаты мен генезисі таратылып, түсіндірілді. Назарға алынған әйелдер есімдерінің және тұлғалардың түркі халықтарының тарихы, мәдениеті және әдебиетінде, өмірінде әулиелік культіне айналуына себеп болған оқиғалар мен халықтық сенімдер, сол әулиелік культінің халықтар діні мен көзқарастарының қалыптасуына әсері сараланып, детальді түсіндіру және сол ақпараттарды жинақтау негізінде сараланды.

Белгілі бір халыққа тән рухани таным-түсінік пен мәдениетін сол ұлттың пайда болу кезеңі мен өзімен бірге пайда болған түрлі дүниетанымдық көзқарастары, сенімі, арман-қиялы, мінез-құлқы, психологиясы аясында детальді зерттеу адамзат санасында қалыптасқан сан қырлы культтерді тануға мүмкіндік тудырады. Исламға дейінгі және ислам дәуіріндегі қазақ халқының және басқа түркі халықтарының қоғамындағы әулие әйелдер культінің генезисін зерттеу – аталған қоғамдардағы әйелдің орны мен қызметін, халық санасындағы құндылықтарды қалыптастырудағы жетістіктерін, қоршаған орта қайшылықтарына қарамастан қоғамнан оқшауланбаған мұсылман әйелдерінің орнын бақылауға жол ашты. Бұл мәдениеттану, әдебиет, тарих әрі философия т.б. үлкен ғылым салаларының зерттеу нысанын біріктіретін мәнді мәселеге айналып отыр. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижесі – аталмыш өзекті мәселенің нақты әрі деректі кезең кеңістігіне сай нақты есімдер мысалында жүйеленуі.

#### **Авторлардың қосқан үлесі:**

**Бекетова Д.Б.** – ғылыми мақаланы дайындады, техникалық рәсімдеді, материалдар жинақтады;

**Озунел Э.О.** – мақала тақырыбына орай шетелдік ғалымдарын зерттеулерін тұжырымдады және бағыт-бағдар берді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Малов, С.Е. (1951) Памятники древнетюркской письменности. М.: АН СССР, 452 с.
2. Булекбаев, С.Б. (2016) Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию: монография. Алматы: BAVIS systems, 316 с.
3. Vaitkevičius, V. (2022) "Mythological, Holy or Cult Places?", Culture Crossroads, 5, 222, pp. 132-141. DOI: 10.55877/cc.vol5.222
4. Kassymova, G., Kulbarak, S., Zalalovo, A., Kaliyeva, N., Zadakhanova, A. (2024) "The Concept of «World» in Ancient Turkic World View", Journal of Nationalism Memory and Language Politics, 18, 2, pp. 1-17. DOI: 10.2478/jnmlp-2024-0009
5. Yunusbayev, B., Yunusbayev, B., Metspalu, M., Metspalu, E., Villems, R. (2015) "The Genetic Legacy of the Expansion of Turkic-Speaking Nomads across Eurasia", International Journal of Instruction, 11(4), pp. 1-24. DOI: 10.1371/journal.pgen.1005068
6. Konkal, M., Shaimerdinova, N.G., Eker, S., Somzhurek, B.Zh., Beisenbayeva, L.Zh. (2024) "SocioLinguistic Analysis of The Problems of Vulnerable and Critically Endangered Turkic Languages in Kazakhstan", International Journal of Religion, 5, 10, pp. 3564-3577. DOI: <https://doi.org/10.61707/078hwq34>
7. Dallos, E. (2019) "Albasty: A Female Demon of Turkic Peoples", Acta Ethnographica Hungarica, 64 (2), pp. 413-424. DOI: 10.1556/022.2019.64.2.11
8. Omorov, A., Chokoeva, D., Kalchakeyev, K., Sheripbayev, A., Kochorova, G. (2025) "Interaction of Linguistic and Literary Aspects in the Context of the Cultural Diversity of the Turkic Peoples of Central Asia", Open Cultural Studies, 9, pp. 1-16. DOI: 10.1515/culture-2024-0041

9. Khasbulatov, A., Zhihui, L., Shaigozova, Zh., Ibragimov, A. (2024) "Patch in the ritual and daily practice of the Turkic people", *Pharos Journal of Theology*, 105, 3, pp. 1-11. DOI: 10.46222/pharosjot.105.32
10. Орынбеков, М. (1996) *Ежелгі қазақтың дүниетанымы*. Алматы: Ғылым, 168 б.
11. Снесарев, Г.П. (1969) *Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма*. М: Наука, 338 с.
12. Нарзуллаева, Д.С. (2023) «Момо (бабушка) – покровительница женщин», *Science and Education Scientific Journal*, 4, 2, стр. 1683-1690.
13. Балтабаева, А.Ю., Ахметова, Г.К. (2023) «Сопылық тариқаттар философиясындағы әйел бейнесі», *Қарағанды университетінің Хабаршысы. Тарих. Философия сериясы*, 3(111), бб. 161-169. DOI: <https://doi.org/10.31489/2023NPh3/161-169>
14. Haksever, A.C. (2021) *Günümüz Tasavvuf Meseleleri*. İstanbul: KDY Akademi, 226 s.
15. Садуахасұлы, Ж. (2022) Рабиға әулие деген кім? Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://kazislam.kz/2022/11/rabigha-aulie-degen-kim/> (Қаралған күні: 10 сәуір 2025 ж.).
16. Байжанов, І. Ұлы әз аналар – олар кімдер еді? Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://abai.kz/post/44013> (Қаралған күні: 10 сәуір 2025 ж.).
17. Слямбек, Қ. (2020) Қазақстандағы әйел-ана кесенелері: Гауһар ана. Сілтеме арқылы қол жетімді: [https://massaget.kz/ruhani\\_jangyiru/kazakstandagyi-ayel-ana-keseneler-gauhar-ana--60953/](https://massaget.kz/ruhani_jangyiru/kazakstandagyi-ayel-ana-keseneler-gauhar-ana--60953/) (Қаралған күні: 10 сәуір 2025 ж.).
18. Konstantinova, N., Zoenova, V., Trifanova, S., Svyatkob, S. (2018) "History and culture of the early Türkic period: A review of archaeological monuments in the Russian Altai from the 4th-6th century AD", *Archaeological Research in Asia*, 16, pp. 103-115. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ara.2018.06.002>

Д.Б. Бекетова<sup>1</sup>, Э.О. Озунел<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Университет Хаджы Байрам Вели, Анкара, Турция

(E-mail: danabeketova@gmail.com, evrimolcer@gmail.com)

### Генезис культа святых женщин: связи доисламской и исламской эпохи

**Аннотация.** Статья посвящена изучению культа святых женщин в тюркских народах. Изучение культа святых женщин позволяет определить происхождение концепта «женщина» в истории человечества и присущие им функциональные характеристики.

Цель исследования – определить генезис культа святых женщин на основе истории развития и культуры тюркских народов. Для реализации цели, заложенной в исследовательской работе, выполнены задачи анализа генезиса культа святых женщин на культурно-исторической, историко-генетической основе в соответствии со связями между доисламским и исламским периодами, обобщения и отбора имен святых женщин, представленных в мировоззрении тюркских народов, интерпретации их происхождения и деятельности в народном обществе.

В рамках научного исследования с целью изучения генезиса культа святых женщин были использованы методы: подбора имен, сравнительного анализа общих черт и особенностей культа святых по отношению к женщинам, характерных для тюркских народов, а также интерпретации значения культа святых женщин в формировании и развитии мировоззрения народа в соответствии с двумя указанными выше основными периодами, характерными для национальной культуры и религии, менталитета и духовного сознания.

Теоретическая значимость исследования заключается в том, что оно представляет ценность для изучения генезиса культа святых женщин у тюркских народов и его анализе в соответствии с историей конкретных периодов, так как позволяет наглядно описать роль женщин в национальной истории, культуре, межкультурной коммуникации и, что самое главное, возрождении духовного знания. Системные результаты работы в соответствии с теоретическими

выводами определяют практическую значимость исследования, материал которого может быть использован в специальных курсах по межкультурной коммуникации, культуре, истории и литературе тюркских народов.

Ключевые слова: святые женщины, генезис, культ, ислам, тюркские народы, религия, мировоззрение.

**D.B. Beketova<sup>1</sup>, E.O. Ozunel<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Hacı Bayram Veli University, Ankara, Turkey*

*(E-mail: danabeketova@gmail.com, evrimolcer@gmail.com)*

### **The Genesis of the Cult of Holy Women: Pre-Islamic and Islamic Connections**

**Abstract.** The article is devoted to the study of the cult of holy women among Turkic peoples. The study of the cult of holy women allows us to trace the origin of the concept “woman” in the history of mankind and the inherent functional characteristics of women.

The purpose of the study is to determine the genesis of the cult of holy women based on the history of development and culture of Turkic peoples. To realize the goal of the research work, the tasks of analyzing the genesis of the cult of holy women on the cultural-historical, historical-genetic basis in accordance with the links of pre-Islamic and Islamic periods, generalization and selection of the names of holy women that took place in the worldview of Turkic peoples, interpretation of the origin and activities in the people's society.

Within the framework of scientific research in order to study the genesis of the cult of women saints, the following methods were used: selection of names, comparative analysis of common features and peculiarities of the cult of saints in relation to women, characteristic of Turkic peoples, as well as interpretation of the significance of the cult of women saints in the formation and development of the worldview of the people in accordance with the above two main periods, characteristic of national culture and religion, heart and spiritual consciousness.

The theoretical significance of the study lies in the fact that it is of value in studying the genesis of the cult of women saints in Turkic peoples and its analysis in accordance with the history of specific periods, as it allows for a visual description of the role of women in national history, culture, intercultural communication and, most importantly, the revival of spiritual knowledge. The systemic results of the work, in accordance with the theoretical conclusions, determine the practical significance of the study, the material of which can be used in special courses on intercultural communication, culture, history and literature of Turkic peoples.

**Keywords:** holy women, Genesis, cult, Islam, Turkic peoples, religion, worldview.

### **References**

1. Malov, S.E. (1951) *Pamjatniki drevnetjurkskoj pis'mennosti*. M.: AN SSSR, 452 s. [in Russian]
2. Bulekbaev, S.B. (2016) *Tjurkskij vklad v mirovuju kul'turu i civilizaciju: monografija*. Almaty: BAVIS systems, 316 s. [in Russian]
3. Vaitkevičius, V. (2022) “Mythological, Holy or Cult Places?”, *Culture Crossroads*, 5, 222, pp. 132-141. DOI: 10.55877/cc.vol5.222
4. Kassymova, G., Kulbarak, S., Zalalovo, A., Kaliyeva, N., Zadakhanova, A. (2024) “The Concept of «World» in Ancient Turkic World View”, *Journal of Nationalism Memory and Language Politics*, 18, 2, pp. 1-17. DOI: 10.2478/jnmlp-2024-0009
5. Yunusbayev, B., Yunusbayev, B., Metspalu, M., Metspalu, E., Villems, R. (2015) “The Genetic Legacy of the Expansion of Turkic-Speaking Nomads across Eurasia”, *International Journal of Instruction*, 11(4), pp. 1-24. DOI: 10.1371/journal.pgen.1005068
6. Konkal, M., Shaimerdinova, N.G., Eker, S., Somzhurek, B.Zh., Beisenbayeva, L.Zh. (2024) “SocioLinguistic Analysis of The Problems of Vulnerable and Critically Endangered Turkic

Languages in Kazakhstan”, International Journal of Religion, 5, 10, pp. 3564-3577. DOI: <https://doi.org/10.61707/078hwq34>

7. Dallos, E. (2019) “Albasty: A Female Demon of Turkic Peoples”, Acta Ethnographica Hungarica, 64 (2), pp. 413-424. DOI: 10.1556/022.2019.64.2.11

8. Omorov, A., Chokoeva, D., Kalchakeyev, K., Sheripbayev, A., Kochorova, G. (2025) “Interaction of Linguistic and Literary Aspects in the Context of the Cultural Diversity of the Turkic Peoples of Central Asia”, Open Cultural Studies, 9, pp. 1-16. DOI: 10.1515/culture-2024-0041

9. Khasbulatov, A., Zhihui, L., Shaigozova, Zh., Ibragimov, A. (2024) “Patch in the ritual and daily practice of the Turkic people”, Pharos Journal of Theology, 105, 3, pp. 1-11. DOI: 10.46222/pharosjot.105.32

10. Orynbekov, M. (1996) Ezhelgi kazaktyn duniyanymy. Almaty: Gylym, 168 b. [in Kazakh]

11. Snesarev, G.P. (1969) Relikty domusul'manskih verovanij i obrjadov u uzbekov Horezma. M: Nauka, 338 s. [in Russian]

12. Narzullaeva, D.S. (2023) «Momo (babushka) – pokrovitel'nica zhenshhin», Science and Education Scientific Journal, 4, 2, str. 1683-1690.

13. Baltabaeva, A.Ju., Ahmetova, G.K. (2023) «Sopylyk tarikattar filosofijasyn dagy ajel bejnesi», Karagandy universitetinin Habarshysy. Tarih. Filosofija serijasy, 3(111), bb. 161-169. DOI: <https://doi.org/10.31489/2023HPH3/161-169> [in Kazakh]

14. Haksever, A.C. (2021) Günümüz Tasavvuf Meseleleri. İstanbul: KDY Akademi, 226 s. [in Turkish]

15. Saduahasuly, Zh. (2022) Rabiga aulie degen kim? Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://kazislam.kz/2022/11/rabigha-aulie-degen-kim/> (Karalghan kuni: 10 sauir 2025 zh.). [in Kazakh]

16. Bajzhanov, I. Uly az analar – olar kimder edi? Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://abai.kz/post/44013> (Karalghan kuni: 10 sauir 2025 zh.). [in Kazakh]

17. Sljambek, K. (2020) Kazakstandagy ajel-ana keseneleri: Gauhar ana. Silteme arkyly kol zhetimdi: [https://massaget.kz/ruhani\\_jangyiru/kazakstandagy-ayel-ana-keseneler-gauhar-ana--60953/](https://massaget.kz/ruhani_jangyiru/kazakstandagy-ayel-ana-keseneler-gauhar-ana--60953/) (Karalghan kuni: 10 sauir 2025 zh.). [in Kazakh]

18. Konstantinova, N., Zoenova, V., Trifanova, S., Svyatkob, S. (2018) “History and culture of the early Türkic period: A review of archaeological monuments in the Russian Altai from the 4th-6th century AD”, Archaeological Research in Asia, 16, pp. 103-115. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ara.2018.06.002>

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Бекетова Д.Б.** – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Озунел Э.О.** – доктор, профессор, Хаджы Байрам Вели Университеті, Этнологии кафедрасы, Анкара, Түркия.

**Бекетова Д.Б.** – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Озунел Э.О.** – доктор, профессор, Университет Хаджы Байрам Вели, кафедра этнологии, Анкара, Турция.

**Beketova D.B.** – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Ozunel E.O.** – Dr. Prof., Hacı Bayram Veli University, Department of Ethnology, Ankara, Turkey.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).